

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

31.10.2019 ж. № ДС-166

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің ауылдық жерде шағын көлемді құрылыстар салу үшін рұқсат беру құжаттарын жеңілдетуге қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингі шеңберінде Қазақстанда құрылыс саласындағы рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру (тәртіп, мерзім, құжаттар тізбесі) бойынша жұмыс жүргізілді.

Бүгінгі күні шағын көлемді объектілерге (дүкендер, моншалар, базалар және т.б.) эскиздік жобаны әзірлеу үшін қажетті бастапқы рұқсат құжаттарының толық топтамасын беру мерзімі 6 жұмыс күнін және эскизді келісу 10 жұмыс күнін құрайды. Бұл рәсімдер толығымен автоматтандырылған және қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Толық ақпарат қоса беріліп отыр.

Қосымша: 3 парақ.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**

Бимолдин А. 74-53-50

Қосымша

Объектілерді орналастыру мен салуға бастапқы материалдар мен рұқсат беру құжаттарын алу тәртібі Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өтудің бірыңғай қағидаларымен реттеледі.

Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингі шеңберінде Қазақстанда құрылыс саласындағы рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру бойынша (тәртіп, мерзім, құжаттар тізбесі) жұмыс жүргізілді.

Бүгінгі күні шағын көлемді объектілерге (дүкендер, моншалар, базалар және т.б.) эскиздік жобаны әзірлеу үшін қажетті (*СЖТ, техникалық шарттар, сыртқы инженерлік желілер трассаларының схемалары, тік жоспарлау белгілері, көшелер мен жолдардың көлденең бейіндері, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасынан көшірме*) бастапқы рұқсат құжаттарының толық топтамасын беру мерзімі 6 жұмыс күнін және эскизді келісу 10 жұмыс күнін құрайды. Бұл рәсімдер толығымен автоматтандырылған және қызмет «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетіледі.

Бастапқы рұқсат құжаттарын алғаннан кейін және эскиздік жобаны келіскеннен кейін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлемей жеке тұрғын үйлер, өз учаскелерінде уақытша құрылыстар, сондай-ақ маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығы үшін тұрғын және шаруашылық-тұрмыстық үй-жайлар салуға жол беріледі.

Адамдардың жаппай келуіне байланысты объектілерді салу кезінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және оның жеке сараптамадан өтуі талап етіледі, өйткені жобалау кезінде конструкцияның есептік көтеру қабілеті, жердің геологиялық ерекшеліктері, климаттық аудан, санитариялық талаптар, өрт қауіпсіздігі және адамдардың қауіпсіз өмір сүруіне әсер ететін басқа да факторлар ескеріледі.

Осыған байланысты, қоғамдық және шаруашылық ғимараттарды жобалау-сметалық құжаттамаларсыз және тиісті рұқсат беру құжаттамаларынсыз салуға жол берілмейді.

Барлық қажетті рұқсат беру құжаттары, сараптама қорытындысы және тиісті біліктілігі бар тұлғалармен жасалған шарттар болған жағдайда, азаматтар құрылысты бастау кезінде қашықтықтан мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына хабарламаны электрондық портал [elicense.kz](http://elicense.kz) арқылы береді.

Құрылыс аяқталғаннан кейін объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі меншік құқығына тіркеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жіберіледі, ол өз кезегінде электрондық портал арқылы объектіні салу заңдылығын анықтау және есепке алу үшін құжаттарды сәулет және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына жібереді.

Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау функцияларын аудандық деңгейге беруге келсек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес келесі жылдан бастап мемлекеттік қызметшілерді оңтайландыру және олардың санын қысқарту жоспарланғанын атап өтеміз. Аудандық атқарушы органдардың білікті қызметкерлерінің жасақталмауын ескере отырып, оларға бақылау-қадағалау функцияларын беру құрылыс заңнамасының көптеген бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Жер учаскесін таңдау актісін сәулет-жоспарлау тапсырмасымен, техникалық шарттарға инженерлік желілерге қосу және топографиялық құжаттармен бірге бір мезгілде беруге келсек, осы мәселені шешу жөніндегі

тиісті норма «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-климатты жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында көзделген, ол мүдделі мемлекеттік органдардан келісу рәсімінен өтіп жатыр.

Құрылыс процестерінің ашықтығын белгілеу және салынып жатқан объектілердің сапасын бақылауды күшейту мақсатында «Е-Құрылыс» ақпараттық жүйесі енгізіліп жатқанын, ол қазіргі уақытта пилоттық режимде сынақтан өткізіліп жатқанын қосымша хабарлаймыз.

Сондай-ақ қазіргі уақытта осы жүйені қолдануды реттейтін тиісті нормативтік-техникалық құжатты әзірлеу аяқталуға жақын.

---

### **Парламент Мәжілісі депутаттарының тізімі**

- 1. А. Смағұлов**
- 2. Н. Әбдіров**
- 3. А. Базарбаев**
- 4. Г. Бижанова**
- 5. Н. Дулатбеков**
- 6. Б. Мамраев**
- 7. Н. Сабильянов**